«8D11401 - Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
ЕЛАМАНОВА АЙНУР СУЛТАНОВНАНЫҢ
«Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым	Диссертациялық зерттеу әлеуметтік жұмысты ғылым ретінде жетілдірудің стратегиялық маңызды бағыттарына, өмірлік қиын жағдайға тап болған әйелдерді қолдауға, Қазақстан Республикасындағы отбасы институтын дамыту мен нығайтуға, ата-аналардың рөлін күшейтуге және балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалармен толық сәйкес келеді. Қазіргі экономикалық дағдарыстар, ішкі және сыртқы сын-қатерлердің күшеюі, моральдық және мәдени құндылықтардың әлсіреуі, сондай-ақ жаһандану үдерісінің Қазақстандағы отбасы институтына тигізіп отырған кері ықпалы жас жалғызбасты аналар санының артуына және олардың өмір сүру сапасының төмендеуіне алып келуде. Осыған байланысты оларды социореадаптациялау бүгінгі күні өзекті әрі стратегиялық маңызды мәселе ретінде қарастырылуда. Зерттеу «Қазақстан-2050» стратегиясында, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында көрсетілген басым мақсаттармен үйлеседі. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Жолдауында отбасы саясатын кешенді жүргізу және отбасы институтын қолдау туралы**,** 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіру туралы, Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында дәстүрлі отбасы құндылықтарын табанды түрде орнықтыра беру туралы міндеттерін алға қойды. Зерттеу жұмысы осы мақсаттарға толыққанды жауап береді. Жұмыста ұсынылған жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеудің инновациялық моделі – цифрлық платформа әлеуметтік қызметкерлер мен жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік қызметкерлер мен жалғызбасты аналардың өзара әрекеттесуін жеңілдету, психологиялық қолдау, құқықтық кеңес беру, білім беру бағдарламаларын және әлеуметтік ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы олардың өмір сапасын арттыруға ықпал етеді. Зерттеу жұмысы қазіргі Қазақстан қоғамындағы жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу мәселесін ғылыми тұрғыда негіздей отырып шешуге бағытталған. Бұл халықаралық және отандық тәжірибелерге сүйену арқылы әлеуметтік жұмысты ұлттық ғылым ретінде дамытудың теориялық және практикалық негіздерін айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыстың тақырыбын аса өзекті, қоғамның нақты әлеуметтік сұранысына жауап береді және отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның даму үрдістерімен толық үйлеседі. Зерттеу Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарының бірі – «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар: халықтың әл-ауқаты, инклюзия және әлеуметтік әділеттілік» тақырыптық бағытына толық сәйкес келеді. Аталған бағыт аясында халықтың осал топтарын қолдау, аналар мен

			балалардың құқықтары мен өмір сүру сапасын арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Автор Еламанова Айнурдың зерттеу жұмысы – Қазақстанда ғылыми зерттеудің арнайы нысаны ретінде әлі де жүйелі қарастырыла қоймаған жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік қайта бейімделу мәселесін кешенді түрде зерттеуге бағытталған. Бұл тақырып қазіргі қоғамда кең таралған келесі әлеуметтік сын-қатерлермен тығыз байланысты: ажырасулардың көбеюі, некеге бірнеше рет тұру, толық емес отбасылар санының артуы, ер адамның отбасындағы рөлінің әлсіреуі, тіркелмеген азаматтық некенің таралуы, кәмелетке толмай жыныстық қатынасқа түсу, некесіз бала туу, сондай-ақ балалы болуды кейінге шегеру үрдісі. Зерттеу нәтижелері аталған күрделі әлеуметтік-демографиялық құбылыстардың салдарын зерделеп, жас жалғызбасты аналарды қолдау бойынша әлеуметтік саясат пен практикалық шараларды жетілдіруге теориялық және қолданбалы үлес қоса алады. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы қолданыстағы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге, дағдарыс орталықтары мен «Аналар үйі» сияқты мекемелердің жұмыс тиімділігін арттыруға, жалғызбасты аналарды оңтайлы социореадаптациялауға және оларды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптастыруға бағытталған. Бұл аспектілер өз кезегінде мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың маңызды және өзекті міндеттерін шешуге қызмет етеді. Осы арқылы диссертациялық жұмыс Қазақстанның әлеуметтік саласын ғылым тұрғысынан жаңғыртуға және Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) белгілеген стратегиялық мақсаттарға ғылыми негіз ұсынуға елеулі үлес қосады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосатын, әлеуметтік жұмысты Қазақстанда ғылым мен тәжірибе саласы ретінде орнықтыруға бағытталған кешенді зерттеу болып табылады. Автордың зерттеуі жас жалғызбасты аналарды

			социореадаптациялаудың теориялық, әдістемелік және практикалық аспектілерін көпсалалы ғылыми тәсіл негізінде қарастыра отырып, қазіргі әлеуметтік ғылымдар саласындағы өзекті әрі маңызды ғылыми-әлеуметтік мәселені көтергенімен құнды. Зерттеу жұмысы Қазақстанда жүйелі түрде зерделенбеген 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау мәселелері мен тәжірибелерін кешенді түрде талдау; қазіргі заман жағдайындағы жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың халықаралық тәжірибесін зерделеу; республикадағы жалғызбасты аналарды қолдауға бағытталған үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдардың, соның ішінде дағдарыс орталықтарының, «Ана үйі» қызметін бағалау; жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеу процесіне ықпал ететін факторларды айқындау; жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың цифрлық платформаның жобасын әзірлеу және ұсынуымен ерекшеленеді. Осы аталған бағыттар зерттеудің ғылыми жаңалығын, практикалық маңыздылығын және қолданбалы әлеуетін нақты айқындайды. Зерттеу жұмысы нәтижесінде дайындалған цифрлық форматтағы әлеуметтік қолдау платформасы – әлеуметтік қызметкерлер үшін жаңа, тиімді құрал болып саналады. Цифрлық платформа моделі психоэмоционалды күйзелістегі және тікелей, көзбе-көз байланысқа дайын емес, әрі қазіргі заманға сәйкес онлайн қарым-қатынасқа икемделген жалғызбасты аналармен жұмыс істеудің заманауи ыңғайлы тәсілі болып табылады. Бұл модель олардың әлеуметтік ортаға бейімделу процесін жеңілдетіп, жүйелі қолдауға жол ашады. Автордың ғылымға қосқан үлесі республикалық және халықаралық деңгейде ұсынылған ғылыми мақалалар, баяндамалармен расталады.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, жоғары ғылыми стандарттарға сай орындалған**.** Зерттеу дербес түрде жүзеге асырылған, ғылыми тіл мен логика талаптарына сәйкес жүйелі түрде жазылған. Дереккөздерге жасалған сілтемелер сауатты рәсімделген, ал эмпирикалық материалдарды жинау, құрылымдау және өңдеу әдістері автордың зерттеу мәдениеті мен дербес ғылыми ойлау қабілетін нақты көрсетеді. Зерттеу барысында автор теориялық талдаудан бастап, эмпирикалық зерттеу дизайнын әзірлеуге, деректерді жинауға, сараптамалық сұхбаттар мен кейс-стади әдістерін қолдана отырып талдау жүргізуге дейінгі барлық кезеңдерді ғылыми әдістемелік талаптарға сай өз бетімен орындаған. Автор ұсынған жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеудің инновациялық моделі – тек компиляциялық сипаттағы жұмыс емес, нақты ғылыми ізденістің, авторлық тұжырым мен шығармашылық көзқарастың нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу барысында ұсынылған тұжырымдар, қорытындылар мен практикалық ұсыныстар автордың аналитикалық ойлау деңгейін, ғылыми дербестігін, сондай-ақ әлеуметтік жұмыстың ұлттық контекстіндегі өзекті мәселелерге сындарлы көзқараспен қарау қабілетін айқын сипаттайды. Жұмыстың құрылымында, ғылыми аппаратында және ғылыми жаңалығында өзге авторлардан мәтіндік элементтерді көшіру белгілері байқалмайды. Керісінше, диссертация автордың дербес ғылыми қолтаңбасын анық байқатады.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертациялық жұмыстың өзектілігін негіздеу барысында халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттерге терең теориялық талдау жүргізілген. Автор жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу (социореадаптациялау) мәселесінің ғылыми және қоғамдық маңыздылығын жан-жақты дәйектей отырып, бұл тақырыптың Қазақстанда әлі күнге дейін жүйелі түрде зерттелмегенін нақты негіздейді.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			Әдеби шолу барысында жалғызбасты аналар санының арту себептері мен әлеуметтік салдарлары заманауи ғылыми ұстанымдар тұрғысынан қарастырылған. Автор халықаралық және отандық тәжірибелерге сүйене отырып, жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеудің тиімді тәсілдерін саралайды және еліміздегі «Ана үйі» орталықтарының осы бағыттағы қызметіне кешенді талдау жүргізеді. Зерттеу нәтижесінде жас жалғызбасты аналары әлеуметтік қайта бейімдеудің инновациялық моделі цифрлық платформа ұсыну арқылы әлеуметтік қызметкер мен аналар арасындағы коммуникацияны жетілдіру жолдары көрсетілген. Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы әлеуметтік жұмыс саласындағы өзектілігі жоғары әрі көпқырлы мәселені қарастырады. Оның ғылыми негіздемесі нақты логикалық құрылыммен берілген және зерттеудің ғылыми жаңалығына сүйенеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан-жақты әрі толық негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Ұсынылған диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыптың мәнін толық ашады және құрылымдық бөлімдерінің атаулары мен мазмұны арасында толық сәйкестік сақталған. Бірінші тарауда қоғамдағы жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік-мәдени детерминанттары талданып, оларды социореадаптациялаудың теориялық және әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылған. Екінші тарауда жалғызбасты аналарды әлеуметтік қорғау және қолдау мәселелері бойынша әлеуметтік шешімдер мен тәжірибелер, нормативтік-құқықтық құжаттар, сондай-ақ әлеуметтік қолдау жүйесін ұйымдастырудағы халықаралық тәжірибелер салыстырмалы түрде талданған. Үшінші тарауда жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу үдерісін ұйымдастыру мәселесі нақты эмпирикалық зерттеулерге (эксперттік сұхбаттар, кейс-стади, сауалнамалар) сүйене отырып қарастырылған. Бұл тарауда Қазақстан жағдайында

			аталған топты әлеуметтік бейімдеудегі басты кедергілер ғылыми тілмен сипатталып, олардың табиғаты мен себептері негізделеді. Сондай-ақ, Алматы қаласындағы жас жалғызбасты аналарға әлеуметтік қолдау көрсететін қызметтер мен қоғамдық ұйымдардың жұмысына талдау жүргізілген. Осы эмпирикалық негізде автор ұсынған инновациялық модель зерттеу тақырыбының негізгі мазмұнын ашады. Аталған модель пәнаралық тәсілдерге негізделген және қолданбалы маңызы жоғары нақты шешімдерді қамтиды. Жалпы алғанда, диссертациялық зерттеуде жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау мәселесі тек сипатталып қана қоймай, мазмұндық жағынан терең әрі кешенді түрде қарастырылған. Зерттеудің барлық кезеңдері мен тараулары тікелей тақырыппен өзара байланысты және жұмыс мақсаты мен міндеттерінің логикалық желісіне толық сәйкес келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келіп, айқын әрі логикалық құрылымда берілген. Автордың басты мақсаты – Қазақстандағы жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу (социореадаптациялау) саласындағы оң тәжірибелерді жан-жақты зерттеп, осы бағытта инновациялық модель әзірлеу болып табылады. Бұл мақсат зерттеудің барлық бөлімдерінде жүйелі түрде іске асырылған. Міндеттер зерттеу мәселесінің теориялық негіздерін қарастыруды қамтиды, атап айтқанда: жалғызбасты ана мәртебесінің әлеуметтік, психологиялық, құқықтық және экономикалық салдары, социореадаптациялау үдерісіндегі кедергілер және халықаралық тәжірибелерді Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкіндіктері зерттелген. Эмпирикалық бөлімде жүргізілген эксперттік сұхбаттар мен кейс-стади әдістері арқылы зерттеу міндеттері жан-жақты әрі жүйелі түрде шешімін тапқан. Автор ұсынған инновациялық модель алға қойылған мақсат пен міндеттердің нақты іске асуын көрсетеді және ғылыми нәтижелердің қолданбалы құндылығын арттырады.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыс жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу (социореадаптация) мәселесін теориялық, әдіснамалық және практикалық деңгейде кешенді әрі жүйелі түрде қарастырған ғылыми еңбек болып табылады. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері арасында мазмұндық және логикалық тұтастық бар, олар өзара сабақтасып, ғылыми қисын мен зерттеу мақсаты аясында бірізділікпен дамиды. Бірінші тарауда зерттеу мәселесінің теориялық және әдіснамалық негіздері жан-жақты қарастырылған. Бұл бөлімде әлеуметтік қайта бейімдеудің негізгі ұғымдары, концептуалдық негіздері және зерттеу пәнінің ғылыми тұрғыдан алғышарттары нақты анықталған. Екінші тарауда осы теориялық негіздерге сүйене отырып, халықаралық және отандық тәжірибелер жан-жақты сараланып, салыстырмалы талдау жүргізілген. Мұнда жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдау мен қорғаудағы әртүрлі елдердің әлеуметтік қызмет көрсету жүйелері мен бағдарламалары, сондай-ақ Қазақстандағы нақты тәжірибелердің артықшылықтары мен кемшіліктері анықталған. Үшінші тарауда эмпирикалық зерттеу нәтижелері ұсынылады. Зерттеу әдістері ретінде эксперттік сұхбаттар, статистикалық талдау және кейс-стади, сауалнамалар қолданылған. Бұл бөлім алдыңғы теориялық талдаумен тығыз байланыста дамып, зерттеудің әлеуметтік шынайылығын және практикалық маңыздылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, зерттеудің барлық тараулары зерттеу мақсаты мен міндеттеріне бағытталып, өзара мазмұндық байланыста құрылымдалған. Мұндай жүйелі құрылым диссертацияның ішкі ғылыми бірлігін және логикалық тұтастығын бекемдейді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыстың әрбір бөлімінде зерттеу нысанына қатысты сыни талдау жасалып, бұрынғы ғылыми еңбектермен салыстыру арқылы автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер мен тұжырымдар дәлелденген. Автор жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу мәселесін зерттеу барысында

		1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	халықаралық және отандық тәжірибелерді салыстыра отырып, олардың оңтайлы және жетілмеген тұстарын объективті бағалай алған. Зерттеу барысында «Ана үйі» орталықтарында жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік қайта бейімдеу бағдарламаларының тиімді тұстары жан-жақты ашылып, оның негізінде психоэмоционалды күйзелісте жүрген, тікелей бетпе-бет байланысқа дайын емес, қазіргі заман талабына сай онлайн қарым-қатынасқа бейімделген жалғызбасты аналармен жұмыс істеу үшін цифрлық форматтағы әлеуметтік қолдау платформасы ұсынылған. Бұл цифрлық платформа моделі әлеуметтік ортаға бейімделуді жеңілдетіп, жалғызбасты аналарды жүйелі және үздіксіз қолдаудың жаңа және ыңғайлы әдісін қалыптастырады. Автордың жүргізген эмпирикалық зерттеулері: эксперттік сұхбаттар мен кейс-стади ұсынылған модель мен шешімдердің практикалық негізін айқын күшейтеді. Сонымен қатар, диссертацияда теориялық тұжырымдар тек әдеби дереккөздерге сілтемелермен шектелмей, автордың жеке ғылыми ұстанымын, аналитикалық ойлау қабілетін және дәлелді қорытындыларын айқын көрсете отырып, жоғары ғылыми деңгейде баяндалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ұсынылған диссертациялық зерттеу өзіне тән ғылыми жаңашылығымен ерекшеленеді және Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс саласының мамандары арасында, соның ішінде жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу жұмысына арналған алғашқы кешенді талдауы ретінде маңызды. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің басым бөлігі (шамамен 75%-ы) отандық ғылыми кеңістікте бұрын-соңды жан-жақты зерттелмеген және жартылай жаңа (2) деп бағаланады. Бұл жұмыс аясында төмендегідей маңызды жаңалықтар мен қағидаттар анықталды: - Қалалық аймақтарда жастар санының өсуі демографиялық құрылымға, отбасылық институтқа және репродуктивтік мінез-құлыққа тікелей әсер етеді. Урбанизацияның қарқын алуы мен

			тіркелмеген некелердің жастар арасында артуы жас жалғызбасты аналардың санының өсуіне себепкер екені дәлелденген. - Қазақстандағы «жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу» (социореадаптациялау) түсінігі нақты анықталып, мәселенің өзектілігі толық негізделген. - Әйелдердің толық емес отбасы жағдайында кездесетін қиындықтар кешені жүйеленіп, олардың маңыздылығы мен өзара байланысының иерархиясы ұсынылған. - Қазіргі заманғы жағдайда жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеудің халықаралық тәжірибелері салыстырмалы түрде зерттеліп, оларды Қазақстанның әлеуметтік контексіне бейімдеудің тиімді жолдары ұсынылған. - Дағдарыс орталықтарының, оның ішінде «Ана үйі» үлгісінің жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеудегі әлеуметтік маңыздылығы жүйелі түрде қарастырылған. - Жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу үдерісін айқындайтын негізгі факторлар зерттеліп, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалған. - Жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеуге арналған инновациялық шешім ретінде цифрлық платформа әзірленген. Жалпы алғанда, диссертацияда алынған нәтижелер авторға жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу мәселесінің теориялық негіздерін, практикалық әдістері мен институционалдық шешімдерін кешенді түрде үйлестіре отырып, ғылыми тұрғыда маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік берген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары зерттеу процесінің барлық кезеңінде жиналған эмпирикалық мәліметтерге, эксперттік сұхбаттарға, кейс-стади нәтижелеріне және теориялық тұжырымдарға негізделген. Қорытындылар жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу мәселесіне қатысты бұрын кешенді түрде қаралмаған, жаңашыл әрі маңызды ғылыми жаңалықтарды ұсынады.

			Зерттеу нәтижелері келесі негізгі жаңалықтармен ерекшеленеді: - Жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік қайта бейімделуі өзара байланысты және интеграцияланған құндылықтық элементтерден тұратыны логикалық тұрғыда дәлелденген. Бұл процесс жеке адамның құндылықтық бағдарлары мен қоғамның қабылдаған нормалары арасындағы өзара әрекеттесуге негізделетіні анықталды. - Жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу мәселесі тек әлеуметтік проблема ғана емес, сонымен қатар ұлттық демография, әлеуметтік әділеттілік пен әйел құқықтарын қорғау саласындағы маңызды мемлекеттік міндет екенін концептуалды және практикалық жағынан көрсеткен. - Зерттеу аясында әзірленген цифрлық форматтағы әлеуметтік қолдау платформасы әлеуметтік қызметкерлер үшін тиімді әрі инновациялық құрал ретінде ұсынылады. Бұл платформа психоэмоционалды күйзелісте жүрген, дәстүрлі бетпе-бет қарым-қатынасқа дайын емес және қазіргі заманғы онлайн коммуникацияны қолданатын жалғызбасты аналармен жұмыс істеудің ыңғайлы әрі заманауи әдісі болып табылады. - Алынған нәтижелер тек теориялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар нақты қолдануға бағытталған практикалық ұсыныстармен толықтырылып, білімнің қолданбалы жүйесін қалыптастырады. Осылайша, диссертациялық жұмыстың қорытындылары ғылым мен практика үшін маңызды жаңалық болып табылады және әлеуметтік жұмыс саласында жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеуді дамытуға елеулі үлес қосады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Автордың диссертациялық жұмысында қабылданған техникалық, ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер әлеуметтік жұмысты кәсіби қызмет ретінде кешенді түрде қарастыруға бағытталған және толығымен жаңашыл сипатқа ие. Атап айтқанда: - эмпирикалық деректерді жинау мен талдау үдерісінде сапалы зерттеу әдістері: кейс стади, тереңдетілген эксперттік сұхбаттар мен сауалнама жүргізу алғаш рет жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	қайта бейімдеу (социореадаптациялау) деңгейін бағалау мақсатында қолданылды. - Автор жас жалғызбасты аналардың пайда болу себептерінің жүйесін саралап, олардың алдын алу бойынша нақты ұсыныстар әзірледі. - Қазақстандағы «жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу» ұғымының мазмұны нақтыланып, оның әлеуметтік маңыздылығы мен өзектілігі ғылыми тұрғыда негізделді. - 18–35 жас аралығындағы жалғызбасты аналардың негізгі проблемалары дербес зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, олар әлеуметтік бейімделудің белсенді субъектісі ретінде анықталды. Сонымен қатар толық емес отбасының негізгі өкілі ретіндегі жас жалғызбасты ананың әлеуметтік қайта бейімделуіне ықпал ететін факторлар жүйесі айқындалды. - Автор ұсынған цифрлық платформа — жас жалғызбасты аналармен жүргізілетін әлеуметтік бейімдеу жұмыстарын оңтайландыруға бағытталған құрылымдық әрі технологиялық шешім ретінде сипатталады. Қорытындылай келе, диссертациялық зерттеуде қабылданған барлық техникалық, әдіснамалық және басқарушылық шешімдер теориялық және эмпирикалық негізде дәлелденіп, әлеуметтік жұмыс саласы үшін түбегейлі жаңа ғылыми нәтижелер қатарына жатады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	- Зерттеудің ақпараттық базасының кеңдігімен және өкілеттілігімен, оның ішінде 13 кәсіби сарапшымен жүргізілген терең сұқбаттар, 8 нақты кейс, 126 анадан сауалнама, шетелдік және отандық ғлыми деректер қорын салыстыра талдауымен; - Зерттеу барысыда алынған эмпирикалық нәтижелердің мазмұнды интерпретациясымен және нақты ұсыныстармен тығыз байланыста болуымен расталады. Сонымен қатар, автордың ұсынымдары мен қорытындылары әлеуметтік жұмыс саласындағы реформаларды жетілдіруге, социореадаптациялау сапасын арттыруға және жас жалғызбасты аналарды қолдауға бағытталған нақты шешімдерді ұсына отырып,

			тек ғылыми негіздеумен шектелмей, зерттеудің жоғары практикалық маңыздылығын да айқын көрсетеді. Зерттеудің қолданбалы құндылығын одан әрі арттыру мақсатында, әлеуметтік қайта бейімдеу бағдарламаларын жүзеге асыру барысында кездесетін негізгі кедергілер — білікті мамандардың жетіспеушілігі, нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігі және институционалдық қолдау тетіктерінің әлсіздігі сияқты мәселелер кеңінен талданса, зерттеу жұмысының мазмұны толыға түсері анық.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі:	Бірінші ереже жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың құрылымдық және институционалдық негіздерін қалыптастыру мәселесін қамтиды. Бұл ереже бойынша, әлеуметтік бейімделу процесі жеке тұлғаның құндылықтық бағдарлары мен қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормалардың өзара әрекеттестігіне негізделуі тиіс. Аталған қағидат теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген, мазмұны жағынан күрделі, жаңашыл және кеңінен қолдануға қолайлы. Зерттеу нәтижелері мен ғылыми мақалаларда бұл ереже жан-жақты дәлелденген. Екінші ереже жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеу үдерісінде басым назар аударылуы тиіс негізгі бағыттарды айқындайды. Бұл басымдықтар тәжірибелік материалдар негізінде жан-жақты сараланып, ғылыми тұрғыда негізделген. Ереже жаңа, тривиалды емес сипатта болып табылады және мақалада дәлелденген. Үшінші ереже «Ана үйлері» мен дағдарыс орталықтарының жұмысы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мен балаларды отбасылық ортада тәрбиелеуді қамтамасыз етудегі маңызды тетіктердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл қағидат негізделген, ғылыми жаңалығы бар, әлеуметтік практикада кеңінен қолдануға лайық және ғылыми жарияланымдармен расталған. Төртінші ереже жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу үдерісіндегі өзекті мәселелерді шешудің маңыздылығын алға тартады. Аталған қағидат өзектілігімен ерекшеленеді, жаңашыл

		1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	сипатқа ие, нақты дәлелдермен бекітілген және мақалада көрсетілген. Бесінші ереже жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу тек әлеуметтік сипаттағы мәселе ғана емес, сонымен бірге ол ұлттық демография, әлеуметтік әділеттілік және әйелдердің құқықтарын қорғау салаларымен тығыз байланысты маңызды мемлекеттік міндет екендігін алға тартады. Бұл ереже эмпирикалық зерттеулерге сүйене отырып жасалған, жаңалығы бар және тәжірибеде қолдануға бейім. Ғылыми мақалаларда оның маңыздылығы нақты дәлелденген. Алтыншы ереже қазіргі заман жағдайларына бейімделген цифрлық форматтағы әлеуметтік қолдау платформасын әзірлеу мен енгізудің қажеттілігін негіздейді. Бұл шешім жас жалғызбасты аналармен жұмыс істеуде тиімді құрал ретінде қарастырылып, зерттеу аясында практикалық дәлелдермен бекітілген. Ереже жаңашыл, кеңінен қолдануға лайық және ғылыми мақалаларда қамтылған.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі қазіргі ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Автор тарапынан зерттеу мақсаты мен міндеттері, ұғымдық-терминологиялық аппараты және қолданылған әдістер нақты әрі дәйекті түрде сипатталған. Ұғымдарды операционализациялау ғылыми тұрғыдан қисынды жүргізіліп, таңдалған әдістер әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлердің қоғамдық қабылдауын кешенді зерттеуге бағытталған. Зерттеуде қолданылған әдістер қатарында салыстырмалы талдау, эксперттік сұхбаттар, ғылымиметрикалық талдау, кейс-стади және сауалнама сияқты әдістер қамтылған. Бұл әдістер жинақталған эмпирикалық деректердің сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, зерттеудің әрбір кезеңінде қолданылған теориялық-методологиялық тәсілдер мен олардың негіздемелері нақты көрсетілген. Автор теория мен практиканың арасындағы байланысты сақтай отырып, әдістерді мақсатқа сәйкес тиімді пайдаланған.

			Диссертацияда ұсынылған барлық мәліметтер, тұжырымдар мен қорытындылар дәйекті түрде салыстырмалы талдаулармен және эмпирикалық дәлелдермен бекітілген. Бұл зерттеу әдіснамасының ғылыми негізділігі мен сенімділігін нақты айғақтайды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеуде ғылыми әдістің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында заманауи ғылыми әдістер мен компьютерлік технологияларға негізделген кешенді зерттеу құралдары қолданылған. Атап айтқанда, тереңдетілген эксперттік сұхбатты талдау әдісі сала мамандарынан мазмұнды және сапалы ақпарат алуға мүмкіндік берді. Барлық қолданылған әдістер — деректерді жинау, жүйелеу, өңдеу және интерпретациялау үдерістерінде компьютерлік технологиялармен үйлестіре отырып пайдаланылды. Бұл тәсіл алынған нәтижелердің ғылыми құндылығын арттырып, зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етті. Осылайша, диссертациялық жұмыс қазіргі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық жауап береді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысы әлеуметтік жұмыстың көпқырлы теориялық тұжырымдамаларына негізделе отырып, олардың өзара байланысы мен ішкі заңдылықтарын ғылыми тұрғыда терең талдаудан өткізген. Автор әлеуметтік жұмыстың институционалдық, кәсіби және қоғамдық аспектілерін кешенді түрде қарастырып, жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеу үдерісіндегі әлеуметтік қызметкердің рөлін мазмұнды әрі нақты сипаттаған. Қалыптасқан теориялық тұжырымдар нақты эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен, атап айтқанда, эксперттік сұхбаттар, кейс стади, ғылымиметрикалық талдаулармен дәлелденіп, тәжірибелік негізде бекітілген. Бұл өз кезегінде зерттеу нәтижелерінің сенімділігін күшейтіп, теория мен практиканың өзара үйлесімін айқын көрсетеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен	Диссертациялық жұмыста автор тарапынан жасалған негізгі ғылыми тұжырымдар мен концептуалдық пайымдаулар ғылыми негізділігімен және өзектілігімен ерекшеленеді. Бұл тұжырымдар

		расталған / ішінара расталған / расталмаған.	беделді, заманауи отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, нақты сілтемелермен дәйектелген. Әдебиетке шолу бөлімі зерттеу мәселесінің ғылыми дискурстағы орнын айқындауға, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан дұрыс бағдар алуға мүмкіндік береді. Зерттеуде әлеуметтік жұмыстың теориялық негіздері, кәсіби сәйкестік, қоғамдық қабылдау, стигматизация және әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша келтірілген ұстанымдар жетекші ғылыми мектептер мен тұжырымдамалық бағыттарға, сондай-ақ халықаралық ғылыми тәжірибеге негізделген. Автор қолданған әдеби дереккөздер заманауи ғылыми контексті толық қамтиды және тақырыптың ғылыми өрісіндегі өзектілігін ашуға бағытталған. Сілтемелердің орынды таңдалуы мен оларды дәйекті түрде қолдану зерттеу бағытының теориялық тереңдігін арттырып, жұмыстың ғылыми құндылығын нығайта түседі. Бұл жағдай автордың зерттеу нысанына сыни көзқараспен қарап, мәселені кешенді ғылыми талдауға ұмтылғанын көрсетеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі көлемі мен мазмұны жағынан зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және әдеби шолу жүргізу үшін жеткілікті деп бағалауға болады. Автор тарапынан отандық және шетелдік ғылыми дереккөздер кең ауқымда қамтылып, әлеуметтік жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздері, қоғамдық қабылдау, стигматизация, институционализация сияқты өзекті мәселелер жан-жақты талданған. Пайдаланылған 150-ге жуық ғылыми дереккөздердің қатарында Scopus және Web of Science халықаралық ғылыми мәліметтер базаларында индекстелген заманауи зерттеулер, ғылыми мақалалар, нормативтік-құқықтық құжаттар, сондай-ақ әлеуметтік ғылымдар саласындағы классикалық теориялық еңбектер бар. Бұл жағдай авторға тақырыптың ғылыми дискурстағы орнын дәл анықтауға, салыстырмалы талдаулар жүргізуге және алынған нәтижелерді теориялық тұрғыда негіздеуге мүмкіндік берген.

			Сонымен қатар, әдебиеттер тізімінің құрылымы жүйелі түрде ұйымдастырылған, ал мәтін ішіндегі сілтемелер нақты және бірізділікпен берілген. Бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми дәйектілігін арттырып қана қоймай, автордың әдебиетпен жұмыс істеу мәдениеті мен ғылыми зерттеу дағдыларының жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Ұсынылған диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Әлеуметтік жұмысты қоғамдық қабылдаудың пәнаралық контекстінде қарастыру арқылы автор әлеуметтік жұмыстың парадигмалық және теориялық негіздерін кеңейтетін жаңа тәсілдер ұсынған. Зерттеу барысында қалыптасқан тұжырымдамалық база мен әдіснамалық тәсілдер әлеуметтік жұмысты әлеуметтік институт ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмыс әлеуметтік саясат, кәсіби білім беру және әлеуметтік жұмыстың институционализациясы саласындағы теориялық ізденістерге елеулі үлес қосады деп бағалануы мүмкін. Автор ұсынған теориялық ережелер мен пайымдаулар болашақ ғылыми зерттеулер үшін концептуалдық және әдіснамалық бағдар ретінде қызмет ете алады. Осылайша, зерттеу жұмысының теориялық мазмұны оның ғылыми жаңалығын арттырып, әлеуметтік ғылымдар саласындағы іргелі бағыттармен сабақтасып жатқанын көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы айқын және әлеуметтік жұмыс саласында нақты қолдануға жарамды нәтижелермен негізделген. Зерттеу нәтижелері жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау бағытында ұсынымдар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді: мемлекеттік әлеуметтік саясатты жетілдіруде, кәсіби кадрларды даярлау жүйесін оңтайландыруда, әлеуметтік жұмыс ұйымдарының қызметін бағалауда, жалғызбасты аналарды қайта әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларын жетілдіруде кеңінен пайдалануға болады.

			Диссертация материалдары отбасы әлеуметтануы мен гендерлік әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс пен отбасылық саясат бойынша арнайы курстар дайындауға теориялық негіз бола алады. Сонымен бірге зерттеудің нәтижелері мен құралдары жас жалғызбасты аналардың проблемалары бойынша мониторингтік және басқа да зерттеулер жүргізу және социореадаптация жұмысын оңтайлы жүргізу үшін ақпараттық-технологиялық тұғыр болуы мүмкін. Диссертацияда ұсынылған ережелер мен тұжырымдарды қолдану отбасылық және гендерлік қатынастар ортасында, әлеуметтік жұмыс пен отбасылық кеңес беру практикасында социореадаптациялау процестерін әлеуметтік тұрғыдан басқару тетіктерін жақсартуға ықпал ете алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстардың толығымен жаңа екені анық байқалады. Ұсыныстар тек бұрыннан белгілі тұжырымдарды қайталамай, жаңа тәсілдер мен тәжірибелерге негізделген. олардың ішінде: қиын өмірлік жағдайға тап болған және әлеуметтік қызметтерге мұқтаж жас жалғызбасты аналарға көмек көрсететін әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің ведомствоаралық өзара іс-қимылы мен әріптестігінің тиімді тетіктерін әзірлеу; девиантты ана болуды төмендету бағытындағы алдын алу шараларын жүзеге асыру, балалар-ата-аналар қарым-қатынасын жолға қою, жастарға гендерлік және жыныстық тәрбие беру бағытындағы ұсыныстары өте өзекті. Мұндай кешенді, құрылымдалған және қолданбалы шешімдер Қазақстанда әлеуметтік жұмысты институционализациялауға және оның қоғамдық мәртебесін арттыруға үлес қосады. Осыған орай,практикалық ұсыныстардың жаңалығы жоғары бағаланады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Автор ғылыми стиль талаптарын толық сақтай отырып, зерттеу мазмұнын жүйелі, құрылымды және дәлелді түрде ұсынған. Жұмыста қолданылған ғылыми терминология мен ұғымдық

			категориялар сауатты әрі орынды таңдалған, бұл зерттеудің ғылыми тереңдігін және автордың кәсіби деңгейін айқын көрсетеді. Диссертация мәтінінде келесі академиялық талаптар сақталған: -академиялық логика жүйелі түрде құрылып, бөлімдер арасында ішкі құрылымдық байланыс сақталған; -тұжырымдар нақты, дәлелдер дәйекті түрде берілген; -ғылыми стиль мен лексикаға сай нақтылау тілі қолданылған; -мәтін қысқа әрі мазмұнды дәлелдермен толықтырылған; -жалпы мазмұн мен құрылым қазіргі заманғы академиялық стандарттарға толық сәйкес келеді. Аталған сипаттамалар автордың зерттеу тақырыбына жан-жақты терең көзқараспен қарағанын, ғылыми мәтін құрастырудағы жоғары дағдысын және жұмысын рәсімдеу кезінде академиялық стандарттарды мұқият сақтағанын айқын дәлелдейді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Автор диссертацияда жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау мәселесін зерттеуде бірқатар институционалдық және практикалық кедергілерді (бұндай аналардың әлеуметтік мәртебесінің заңнамалық тұрғыдан қорғалмауы, әлеуметтік қайта бейімдеу үдерісінің жүйелі жүргізілмеуі, басқа да нормативтік және психологиялық тосқауылдар) атап өтеді. Дегенмен, бұл мәселені одан әрі тереңірек зерттеу арқылы әлеуметтік қолдау мен бейімдеу үдерісіне отбасы, қауымдастық және әлеуметтік ортаны тарту жағын толықтырса, диссертациялық жұмыстың практикалық бағытын күшейе түсер еді. Екіншіден, диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мазмұнды болғанымен, олардың нақты апробациядан өткендігі немесе тиімділігі туралы толық талдау берілмеген. Осыған байланысты, болашақ зерттеулерде ұсынылған модельдер мен бағдарламалардың қазақстандық контексте қаншалықты тиімді екендігін өлшеу, пилоттық тестілеу нәтижелерін салыстыру және бағалау қажет.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		Докторанттың жарияланған ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына негізделген және жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне толығымен сәйкес келеді. Әрбір мақалада жас

	(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		жалғызбасты аналарды социореадаптациялау мәселелері, «заманауи жағдайда жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың халықаралық тәжірибесі, оның әдіснамалық тетіктері; жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау нысаны ретінде дағдарыс орталықтарының қызметі; жалғызбасты аналарды социореадаптациялау процесін анықтайтын факторлар; әлеуметтік саясат пен әлеуметік қайта бейімдеу жұмысының дамуындағы ғылыми және практикалық аспектілер қарастырылған. Мақалаларда қолданылған әдіснамалық тәсілдер – тереңдетілген эксперттік сұхбаттар, кейс-стади, статистикалық және ғылымиметрикалық (наукометриялық) талдау – сапалы зерттеулерге қойылатын қазіргі талаптарға толық сәйкес келеді және автор тарапынан дербес ғылыми зерттеу жүргізілгенін айқын дәлелдейді. Ғылыми материалдардың құрылымдық ұйымдастырылуы, эмпирикалық деректер базасының негізделуі және ұсынылған тұжырымдардың дәйектілігі докторанттың зерттеу дағдыларының қалыптасқанын, аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілетінің жоғары екенін көрсетеді. Докторанттың жарияланымдары халықаралық және отандық ғылыми журналдарда жарық көрген және зерттеу нәтижелерінің ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын растайды. Әр мақалада зерттеудің жаңалығы, теориялық негіздемесі және тәжірибелік маңыздылығы нақты көрініс тапқан. Осыған орай, автордың ғылыми мақалалары зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, ғылыми деңгейі жоғары және PhD дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыста «Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбының өзектілігі, теориялық және практикалық маңыздылығы толық ашылған. Зерттеу сапалы әдістемеге сүйеніп жүргізілген, алынған нәтижелер нақты, ғылыми тұрғыда негізделген және қолданбалы сипатқа ие.

			Автор әлеуметтік жұмыстың өзекті мәселелерін, соның ішінде 18-35 жас аралығындағы жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау процесін айқындайтын факторларды жан-жақты талдаған. Зерттеу барысында бұл санаттағы аналармен жүргізілетін әлеуметтік жұмысты жетілдіру мақсатында ғылыми негізделген, тәжірибеде қолдануға жарамды нақты ұсыныстар берілген. Автор ұсынған қағидалар мен тұжырымдар мазмұны жағынан ғылыми жаңалық сипатында және әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне енгізуге әбден лайық. Жалпы, диссертациялық жұмыс құрылымы, ғылыми жаңалығы, әдіснамалық негізі мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Шешімі: «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді, ғылыми жаңалығы бар, теориялық және практикалық маңыздылығы жоғары, зерттеу логикалық тұтастықпен және ішкі бірлікпен сипатталған. Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі, әлеуметтік маңыздылығы және мультидисциплинарлық тәсілдердің қолданылуы диссертациялық жұмыстың тәжірибеде кеңінен қолданылуына мүмкіндік береді. Тақырыптың көпқырлылығы мен ауқымдылығы оның нәтижелерін одан әрі апробациялауға және әлеуметтік саясат жүйесіне енгізуге әлеуеті бар екенін көрсетеді.
Зерттеу нәтижелерін Қазақстанның түрлі өңірлерінде бейімдеп қолдануға болады, ал автор ұсынған жалғызбасты аналарды әлеуметтік қайта бейімдеудің инновациялық моделі – цифрлық платформа және практикалық ұсынымдар отандық әлеуметтік жұмыстың сапасын арттыруға бағытталған. Диссертациялық жұмыста барлық нәтижелер қазіргі заманғы сапалық зерттеу әдістері – тереңдетілген эксперттік сұхбат, ғылымиметрикалық және статистикалық талдау арқылы алынған. Бұл ғылыми тұжырымдардың дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
Жалпы, диссертациялық жұмыс зерттеу тереңдігімен, тәуелсіздігімен, жоғары академиялық жазу мәдениетімен және құрылымдық жүйелілігімен ерекшеленеді. Жұмыс мазмұны мен рәсімделуі жағынан **«8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін.**

Ресми рецензент:
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институты,
Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры

Амитов Е.А.

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверяю: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба
HR қызметі
HR служба